



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2024 жылғы ақпан

2024 жылғы ақпанда жылдық инфляция 9,3%-ды құрады (қаңтарда – 9,5%). Азық-түлік тауарларының және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы жылдық мәнде тиісінше 7,4%-ға дейін (қаңтарда – 8,2%) және 8,5%-ға дейін (қаңтарда – 8,6%) баяулады, ал көрсетілетін қызметтердің бағасы 12,8%-ға дейін (қаңтарда – 12,3%) жеделдеді.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 13 өңірде бәсеңдеді, 4 өңірде жеделдеп, 3 өңірде өзгеріссіз қалды. Жылдық инфляция 10 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Жылдық инфляцияның ең жоғарғы мәні Қарағанды (11,5%) мен Шығыс Қазақстан (10,2%) облыстарында тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2023 ақпан – 2024 ақпан), %-бен

Қарағанды	21,3	11,5	Қазақстан Республикасы	21,3	9,3
Шығыс Қазақстан	20,9	10,2	Ұлытау	21,6	9,0
Маңғыстау	25,1	10,0	Шымкент қ.	20,8	8,9
Атырау	20,3	9,9	Жамбыл	20,8	8,9
Алматы қ.	20,7	9,9	Батыс Қазақстан	20,9	8,8
Жетісу	21,1	9,7	Түркістан	21,5	8,8
Астана қ.	23,5	9,5	Ақтөбе	21,5	8,6
Солтүстік Қазақстан	22,1	9,5	Қостанай	21,7	8,4
Абай	20,7	9,4	Қызылорда	20,8	8,4
Ақмола	22,4	9,4	Павлодар	21,7	8,4
			Алматы	19,3	7,1

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары ел бойынша деңгейден (7,4% ж/ж) жоғары Ұлытау (10,3%), Шығыс Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында (9,1%-дан), Ақмола (8,9%), Жетісу (8,5%), Абай (8,4%), Солтүстік Қазақстан (8,2%), Жамбыл (7,8%), Маңғыстау (7,7%), Батыс Қазақстан (7,6%) және Атырау (7,5%) облыстарында қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы елдегіден (8,5% ж/ж) жоғары Маңғыстау (13,3%), Қарағанды (10,1%), Батыс Қазақстан (9,3%), Ақмола (9,1%), Шығыс Қазақстан облыстарында және Шымкент қаласында (8,8%-дан), Жамбыл (8,7%) және Қызылорда (8,6%) облыстарында өсті.

Жалпы республикалық деңгейден жоғары (12,8% ж/ж) ақылы көрсетілетін қызмет бағасы мына өңірлерде: Қарағанды (18,0%), Атырау (17,1%), Түркістан (16,3%), Жетісу (15,1%) облыстарында, Шымкент қаласында (14,6%), Солтүстік Қазақстан (14,5%), Шығыс Қазақстан (13,6%), Ақтөбе (13,5%) және Абай (13,0%) облыстарында өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	7,4	8,5	12,8
Ақмола	8,9	9,1	10,6
Ақтөбе	6,4	7,1	13,5
Алматы	6,1	8,0	8,0
Атырау	7,5	8,5	17,1
Батыс Қазақстан	7,6	9,3	10,6
Жамбыл	7,8	8,7	12,0
Қарағанды	7,4	10,1	18,0
Қостанай	6,8	8,4	10,4
Қызылорда	6,7	8,6	11,4
Маңғыстау	7,7	13,3	9,8
Павлодар	6,6	7,7	12,4
Солтүстік Қазақстан	8,2	7,6	14,5
Түркістан	5,6	8,5	16,3
Шығыс Қазақстан	9,1	8,8	13,6
Астана қ.	6,5	7,7	12,8
Алматы қ.	9,1	8,2	11,9
Шымкент қ.	5,2	8,8	14,6
Абай	8,4	7,7	13,0
Жетісу	8,5	7,2	15,1
Ұлытау	10,3	7,9	8,2

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы ақпанда елде айлық инфляция 1,1% болды, бұл тарихи орташа мәнненⁱ (2017-2021 жылдардағы ақпанда 0,7%) жоғары. Айлық инфляцияның ең жоғарғы мәні Қарағанды облысында (1,9%) байқалды.

2-кесте. 2024 жылғы ақпандағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы ақпандағы орташа мән	2024 жылғы ақпан
Қазақстан Республикасы	0,7	1,1
Қарағанды	0,8	1,9
Астана қ.	0,7	1,6
Ақтөбе	0,8	1,2
Павлодар	0,9	1,1
Шығыс Қазақстан	0,8	1,1
Алматы қ.	0,6	1,1
Жамбыл	0,4	1,0
Қостанай	0,5	1,0
Қызылорда	0,7	1,0
Солтүстік Қазақстан	1,0	1,0

Өңірлер	5 жылғы ақпандағы орташа мән	2024 жылғы ақпан
Жетісу	-	1,0
Атырау	0,9	0,9
Шымкент қ. ⁱⁱ	0,8	0,9
Ақмола	0,7	0,8
Маңғыстау	0,5	0,8
Түркістан	0,6	0,8
Батыс Қазақстан	0,5	0,7
Ұлытау	-	0,7
Алматы	0,4	0,5
Абай	-	0,5

ⁱ Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер.

ⁱⁱ Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы (2019-2021 жж.) орташа мән